




ЗАҢ КЕҢЕСТЕРІ

N&P Назханов
және Серіктестері



СҰРАҚ №131:

12 наурызда тіркеуден шықтым, ал 18 мамырда қайта тіркелемін. Кету парағына 2 айдан астам уақыт болды. Маған айыппұл төлеуге тура келе ме? Қанша мөлшерде?



ЖАУАП:

ӘҚБТК-нің 492-бабы 4-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасында шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның тұрақты тұруы кезінде тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркеусіз тұруы не ықтиярхатсыз немесе азаматтығы жоқ адамның куәлігінсіз тұруы, не жарамсыз ықтиярхат, азаматтығы жоқ адамның куәлігі бойынша тұруы он күнтізбелік күннен асқан жағдайда, сондай-ақ паспорттың, ықтиярхаттың немесе азаматтығы жоқ адамның куәлігінің жоғалғаны туралы ішкі істер органдарына уақтылы хабарламау он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

СҰРАҚ №132:

2021 жылғы маусымда мен автокөлікті сенімхат бойынша саттым. Сенімхаттың көшірмесі жоқ, ақшаны алғаны туралы қолхат жоқ, автокөлікке қатысты ешқандай құжаттар да жоқ. Қазіргі уақытқа дейін көлік менің атымда тіркелген және биылғы жылы көлік салығы есептелуде. Көліктің және оның нақты иесінің орналасқан жерін өз бетінше анықтау мүмкін болмады. Көлікті ішкі істер органдарында есептен шығару және көлік салығының есептелуін тоқтату үшін не істеуге болады?

ЖАУАП:

Көлік салығын есептеу және төлеу көлік құралын сату немесе есептен шығару жағдайларында, яғни тіркеу органдарында есептен шығарылған кезде тоқтатылады. Сонымен қатар, ұрланған және (немесе) иелерінен қолды болған көліктер іздестіруде тұрған кезеңде олардың меншік иелері салық төлеуден босатылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 26 тамыздағы № 851 қаулысымен бекітілген көлік құралдарын сәйкестендіру нөмірі бойынша мемлекеттік тіркеу және есепке алу қағидаларының 64-тармағына сәйкес, тіркеу құжаты және/немесе мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі болмаған жағдайда, сондай-ақ орналасқан жері белгісіз және соңғы үш жыл ішінде пайдаланылмаған көлік құралдарын есептен шығару жол қозғалысы қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның қорытындысы негізінде жүзеге асырылады.

Көлікті есептен шығару құқығыңызды жүзеге асыру үшін Алматы қаласының арнайы ХҚКО-сына жазбаша өтінішпен жүгінуіңіз қажет. Өтініште көлік құралынан іс жүзінде айырылу жағдайлары, сондай-ақ мемлекеттік нөмірлер мен құжаттардың жоғалғаны туралы толық мәліметтерді көрсету керек.

Егер белгілі болса, көлік құралын кімге берілгені, оны беру уақыты және басқа да маңызды мәліметтерді көрсету қажет. Тексеру нәтижелері бойынша өтінішті қанағаттандыру немесе есептен шығарудан бас тарту туралы негізделген қорытынды шығарылады. Егер мұндай көлік құралдары есептен шығарылса, Сізге тиісті анықтама беріледі, оны мемлекеттік кірістер басқармасына тапсыру арқылы салық төлеуден босатыласыз.


СҰРАҚ №133:

1-нен 2 мамырға қараған түні мен Богенбай батыр көшесінде тұрдым, сол кезде маған патрульдік қызмет көлігі келіп, көлікті орнынан жылжытуымды сұрады. Мен олардың сұранысына көлікті жүргізуге болмайтынымды, өйткені ішімдік ішкенімді және басқа жүргізушінің келуін күтіп тұрғанымды түсіндірдім. Бірақ олар менен құжаттар (жүргізуші куәлігі) талап етті. Мен оларға куәлігімді бердім, содан кейін мені медициналық сараптамаға алып кетті. Мен көлікті басқармағанымды түсіндірдім, бірақ маған ҚР ӘҚБТК-нің 608-бабы бойынша әкімшілік хаттама толтырды. Енді маған не істеу керек?



СҰРАҚ №134:

Жол полициясының қызметкерлері жеке автокөлікпен жолдарды патрульдеуге құқылы ма?



ЖАУАП:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 30 қазандағы № 1375 қаулысымен қоғамдық қауіпті әрекеттердің алдын алу мақсатында ішкі істер органдары қызметкерлері қолданатын арнайы және көлік құралдарының тізбесі бекітілген. Алайда, бұл тізімде жеке көлік құралдары көрсетілмеген.

Сонымен қатар, Ішкі істер министрінің бұйрығына сәйкес, «ҚР полиция қызметкерлерінің қоғамдық тәртіпті және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша патрульдік-бекеттік қызмет атқару жөніндегі нұсқаулығы», жол қозғалысы ережелерін бұзуды анықтау патрульдік автомобильде (мотоциклде) жүргізілуі тиіс. Бұл көліктерде арнайы дыбыстық және жарық сигналдары, сондай-ақ дауыс зорайтқыш құрылғы болуы қажет.

Жол қозғалысы ережелерін бұзу анықталған кезде, жүргізушіге дауыс зорайтқыш арқылы командалар беріледі.

Осылайша, патрульдік полиция қызметкерлері жолдарды тек қызметтік көліктермен ғана патрульдеуі тиіс.



СҰРАҚ №135:

ЖКО кезінде өзіммен бірге жүргізуші куәлігім болмаған жағдайда не күтемін?



ЖАУАП:

ӘҚБТК-нің 612-бабының 1-тармағына сәйкес, жүргізуші куәлігін немесе оны алмастыратын уақытша куәлікті өзімен бірге алып жүрмей көлік құралын басқару, Қазақстан Республикасында берілген жеке басын куәландыратын құжат, көлік құралын тіркеу құжаттары немесе заңнамада белгіленген басқа да құжаттар болған жағдайларды қоспағанда, ескерту жасауға немесе бес айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Бірақ, Қазақстан Республикасында цифрлық құжаттар заңды түрде қағаз құжаттармен тең деп танылған, сондықтан сіз цифрлық куәлігіңізді көрсете аласыз.